

## БӨЛІМ: ЛОГОПЕДИЯ

## Инклюзивті білім беру-өмір қажеттілігі.

ЖАРИЯЛАНДЫ  
09.12.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/86797/>

Амирбаева Айнаш Сабырахиновна

«Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала сондай бола алады»

(В.Сухомлинский)

**Инклюзив** – сөзі латын тілінен аударғанда «өзіңді қосқанда» ал, ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын» деген мағананы білдіреді.

**Инклюзивті білім берудің мақсаты:** Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалармен бірге білім беру. Яғни адамның жынысына, дініне, шығу тегіне қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру жүйесі болып табылады.

**Инклюзивті білім берудің мазмұны:** Инклюзивті білім беретін мектептерде білім мазмұны 3 түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал:

- жалпы мектептерге арналған типтік бағдарлама
- мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалар.
- мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып, әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы.

**Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері:**

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым – қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір – біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. Барлық адам құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету-өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын

әркетін жүзге асыру.

8. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

### **Инклюзивті білім берудің негізгі артықшылықтары:**

1. Өз-өзіне сенімді болу
2. Құрдастарымен қарым-қатынаста болу
3. Толыққанды білім алу.
4. Қоғам өміріне бейімдеу және кіріктіру
5. Мүгедек емес балалардың қайырымдылық және түсінушілік қасиеттерін тәрбиелеу.
6. Қоғамның мүгедектік мәселелерін түсінуі

### **Әлеуметтік-бейімдеу бағыты:**

- баланың қоршаған ортаға бейімделуіне жағдай жасау;
- баланы шығармашылыққа тәрбиелеу;
- баланы мерекелік іс-шараларға қатыстыру;
- баланы әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлауға үйрету;
- қоғамдық орталарда өзін еркін сезінуге, өзін-өзі басқара білуге, өзі өмір сүретін ортаны толық бағдарлай білуге үйрету.

### **Әдістемелік- ұйымдастырушылық бағыт:**

Бұл бағытта жұмыс консилиумға дайындық, іс-шараларға дайындық, баланың жеке құжаттарын толтыруды қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар төмендегідей міндеттерді жүзеге асырады:

- ұстаздар мен ата-аналарға арналған әдістемелік құралдарды жасау;
- оқушыға портфолио құрастыру.

**Қорыта айтқанда,** қазіргі таңда әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие, сапалы білім беру өмір талабы болып табылады.

«Бәріне бірдей мүмкіндік», «Сапалы білім-барлығы үшін» деген ұстанымды қолдаймыз.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.